


БЕК
ТОҒЫСБАЙҰЛЫ

ТАНДАМАЛЫ





БЕК ТОҒЫСБАЙҰЛЫ

ТАҢДАМАЛЫ

І-том



**Алматы
“Жалын баспасы”
2005**

ББК 84 Қаз 7-44
Т 50

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрілігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Тоғысбайұлы Б.

Т 50 Таңдамалы. Том 1 – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС,
2005. – 288 бет.

ISBN 9965-693-19-6

Көрнекті жазушы Бек Тоғысбайұлы “Таңдамалысының” бірінші томына кезінде қалың оқырманнан, әдебиет сыншыларынан аса жоғары баға алған “От пен күл” романы “Қамауда” деген жаңа атпен жарияланып отыр. Бұл романда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары төменгі Іле өзені бойындағы Әкімбек бай, оның інісі Көбен Қамау деп аталатын өлкеде кеңес өкіметінің тапсырмасымен жүрген үш чекісті және олардың тұтқыны ақ офицерді өлтіруге қалай мәжбүр болғаны, ар-намыс үшін айқас, айдалада атылған Әкімбектің қызы Ғазиза тағдыры, шолақ белсенді Қоразбай әрекеттері, жаңа өмірдің белсенді күрескері Мейірбек, кедейден шыққан жалынды жас Тұрсын, т.б. адамдардың қым-қиғаш өмірі шебер бейнеленген.

“Той үстінде”, “Ақтоғы”, “Жұбаныш” атты повестерде де өткен ғасыр ортасындағы ауыл адамдарының әрқилы тағдыры тамаша суреттелген. “Құмбел хикаялары” деген жалпы атпен берілген әңгімелерде әр түрлі өмір талқысына түскен адамдардың бейнесі бар. Сүйген жарға адалдық, достық, махаббат сезімдеріне сүйсінесіз.

Т $\frac{4702250201-05}{408(05)-05}$ 5-2005

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-693-19-6-(т.1)
ISBN 9965-693-18-8

© Бек Тоғысбайұлы, 2005
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

ЖАЙСАҢ ЖАЗУШЫ

Жазушы болуға бала кезінен талпынған Бек алғашқы “романын” он бес жасында жазған екен. “Жас таланттар” деп аталатын қолжазбаны өзімен мектепте бірге оқитын достары жабыла көшіріп, бірнеше дәптерге толтырған соң, белін жіппен буып, Қазақстан Жазушылар одағына жіберген. Оны сол кездегі аспирант, жас сыншы Айқын Нұрқатов оқып шығып, бозбала қаламгердің талабына таң қалады:

“Тоғысбаев – әдебиет дүниесіне құлаш ұрған, қияға талпынған, үлкен ойы бар жас жазушы, – дейді. – Жас шамасына қарағанда тілге, өсіресе халықтық тілге өте бай. Оның шығармасынан небір шешен, қанатты сөздерді кездестіруге болады. Сөз көркем шығармадағы ең басты элемент болғандықтан, жас жазушының тіл байлығы мол болуы одан үлкен үміт күттіреді. Жас жазушы пейзаждық көріністерді беруге яғни табиғат көріністерін суреттеуге шебер екендігін аңғартады. Оның бойында талаппен бірге лаулағалы тұрған от барын да байқауға болады. Бірақ сол таланттың көзін ашу үшін оны тәрбиелеп, өсіруге көңіл бөлу керек. Жас жазушының өзі де іздену, үйрену, әдебиеттік білімін молайту жолында көп ойланғаны жөн”.

Шыны керек, он бес жасымызда көркем әдебиеттің білгір сыншысынан қайсымыз осындай баға алдық екен? Назар аударыңызшы: “Халықтық тілге өте бай” дейді. “Табиғат көріністерін суреттеуге шебер” дейді. “Бойында лаулағалы тұрған от бар” дейді. Көркем шығармаға бұдан артық не керек? Әрине, адам образдарын жасай білу қажет, қилы-қилы тағдырларды суреттеуге машықтану керек. Жас, балғын қаламгер дәл осы тұста сүрінген екен. Оның қолжазба “романы” кітап етіп жариялауға жарамаған, әрине. Бірақ қандай биікке талпынған десеңізші!

Орта мектепте оқып жүргенде Бек пьеса да жазған көрінеді. Бірақ Айқын Нұрқатовтай емес, рецензия жазған Қапан Сатыбалдин аямай соғып салыпты. “Қазақстан пионеріне” жіберген өлеңдерін Сансызбай Сарғасқаев қайтарып тастайды. Сөйтіп көркем шығарма жазып, он бес жасында дүниені “таң

қалдырғысы” келген Бек Алматы облысының Бақанас ауылынан астанаға келіп, он алты жасында ҚазГУ-дің студенті атанған. Журналистика бөлімінде әдебиет пәні де жақсы жүреді екен. Қазақ фольклорынан Мұқаннның өзі – ұлы Мұхтар Әуезовтен тәлім алады. “Әдебиетке кіріспе” сабағынан болашақ академик Зейнолла Қабдолов дәріс оқыған. Өнер жөнінде Асқар Тоқпанов курс жүргізген. Осындай адамдардың алдында жүріп ол үш-төрт жылдай жазуын тоқтатыпты, білімін, ой-өрісін кеңейтуге тырысыпты. Содан жиырма жасында тұңғыш көркем шығармасы – “Аққу көлі” деген әңгіме жазады. Бұл әңгімесі Шыңғыс Айтматовтың, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың назарына ілініп, мақтау сөз естиді. Шыңғыс Айтматов арнайы хат жазып, былайша баға беріпті: “Жас прозаиктің “Аққу көлі” атты әңгімесі маған әсіресе ұнады. Автор Өтеғали қарттың тағдыры мен табиғатқа деген іңкәр сезімін әсерлі баяндапты. Елуінші жылдардың екінші жартысында айналамызды қоршаған ортаны қорғау проблемасы қазіргідей күрделі емес еді, әйткенмен жас жазушы осынау тақырыпты сезімталдықпен таба білген де, өз сөзін айта алған. Сол кезде мен оған былай деп хат жазған едім: “Барлық әңгімелеріңнің ішіндегі маған әсіресе ұнағандары “Аққу көлі” мен “Операция”. Өте-мөте “Аққу көлінде” барлық детальдар өз орнымен қолданылған, мұнда артық еш нәрсе жоқ. Ал, енді бұл – сенің алғашқы адымың болғандықтан, өзіңе тілейтінім: уақытыңды босқа өткізбе, жемісті еңбек ет. Ештеңеге ерінбе, сияны да, қағазды да аяу қажет емес. Сенің жарқын дарын иесі екенің қазірдің өзінде көрініп тұр. Сен табиғат пен адам поэзиясын әдемі сезінесің. Бұл – қымбат қасиет”, – дейді. “Шалғайда” атты бір томдық таңдамалысына жазған алғысөзінде.

Қырғыздың әлем таныған жазушысы жас Тоғысбайұлына осылай баға берсе, қазақтың ұлы сөз зергері Ғабит Мүсірепов бір томдық таңдамалы шығармаларын сыйға беріп: “жаңа талап, жас үміт” деп жазыпты. Әдебиетке аттаған алғашқы адымдарына осындай баға алған Бек бұдан былай оңды-солды бүркыратып жаза бермей, әр туындысына асқан зор жауапкершілікпен қарағанына құрдастары – біз куәгерміз. Көркем әдебиет саласындағы елу жылдан бергі еңбегі маған етене таныс. Тіпті жасы елуге толғанда “Қазақ әдебиеті” газетіне арнайы мақала жазып жариялағаным да бар. Сонда Бек бізге несімен қымбат?

Ол – ең алдымен майталман прозашы. Бектің қаламынан бүгінге дейін отызға тарта көркем әңгіме, жиырма шақты повесть-хикаялар, екі-үш роман туындаған екен. Бұлардың бөріне ортақ тақырып анау деп айта салу қиын, сондықтан негізгі шығармаларына қысқаша да болса шолу жасасам деймін.

Бек шығармаларының ең басты тақырыбы – адам тағдыры. Бұрын “От пен күл”, кейін “Қамауда” деген тақырыппен жарияланған романы сонау жиырмамыншы жылдарды қамтиды. Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін қазақ ауылдарына келген жаңа өмір, беймәлім қоғам орнату үшін күрес беймарал жатқан елдің шәт-шәлкейін шығарғаны белгілі. Ағайын-туғанды, жекжат-жұратты тапқа бөліп, анау – кедей, мынау – бай, анау – қансорғыш, мынау – бейшара қаналушы деп біріне бірін айдап салып, біріне бірін жау қылған заманның сүркія шындығын Бек өзінен бұрын жазғандарды мүлде қайталамай, жаңаша, тың көзқараспен бейнелей алды. Мысалы онда “бай – жаман”, “кедей – жақсы” деген атүсті сөз, байлам мүлде жоқ. Халық қамын ойлаған, елдің, жердің берекесін кіргізіп жүрген үстем тап өкілдерін ашық, жарқын бояулармен бейнелейді, керісінше елдің берекесін алып, бейбіт жүрген адамдарды біріне бірін соқтығыстырып, содан өзіне пайда тауып жүрген “қаналушы тап” өкілдерін жеріне жеткізе суреттеген. Әңгіме адамның қай таптан шыққанында емес, жаратылысында, табиғи болмысында. Мысалы “Өттің жалған” повесінде Жетісу жұртына аты мәлім Пышан болыстың трагедиясын Бек былай бейнелейді: “әкесі Жалменде кедейден шыққанмен тынымсыз еңбегі, алғырлығы арқасында мол байлыққа қолы жетеді, бірнеше дүркін болыс болып сайланады. Пайғамбар жасына жеткенде Меккеге қажылыққа аттанып, жол-жөнекей опат болады. Ол жүрерінде беделінің, байлығының арқасында ерке өскен ұлы Пышанды болыстыққа тағайындап кетеді. Пышанға табиғат өнердің әр түрін аямай-ақ берген: әнші, сазгер, балуан, атбегі, құсбегі... Ол ел басқарғаннан гөрі сауық-сайран құрғанды ұнатады. Қыран бүркіт, жүйрік ат ұстайды, қасына әртүрлі өнерден хабары бар қырық жігіт ертіп, бәрін бірөңкей киіндіреді, бәрін қаракер атқа мінгізіп, өзі ақ боз атпен алдында жүреді. Гармонь тартады, домбыра шертеді, ән шырқайды. Қаратал бойына екі қабат, көп бөлмелі үй салдырып алыстан, жақыннан іздеп келген қонақтарын күтеді, сыйлы адамдарды сый-сияпатсыз қайтармайды. Орыс шенеуніктерімен дос болып, оларды жиде-тоғай ішінен аң аулатады, араққа бөктіреді. Айнала жұрт оның бұл тіршілігіне сұқтана қарайды. Сөйтіп жүргенде дүние астан-кестен болып, кеңес өкіметіне кезігеді, абақтыға жабылады. Мұны істеген – көре алмаушылар, бақталастар, әрине. Кеңес өкіметіне қарсылық жасамаса да, қару алып күреспесе де тек бай баласы, болыс болғаны үшін ату жазасына бұйырылған Пышан адамның жүрегін қозғап,

сай-сүйегін сырқырататын олеңдерімен қоса ән шығарған. Ел-жұртымен, бала-шағасымен, сүйікті жары Қайшамен қоштасу жырын шығарған – заман ағымына қарсы жүзген ірі тұлғаның трагедиясы кейпінде Бек Тоғысбайұлы есте каларлықтай образ жасаған.

Ал енді бұрын “От пен күл” деп аталатын кейін “Қамауда” деп атын өзгерткен шағын романдағы Қоразбай бейнесіне қараңыз. Ол кезінде ірі байдың жалшы, малшысы болған. Кеңес өкіметі кез келіп, атқа мінеді, белсенді атанады. Табиғатынан еті тірі жігіт кешегі өзін асырап баққан байдан кек алуға кіріседі: “Кедейлер! Жүнжіп босқа жүрмендер! Мына байлардың бар тәуірін берсе қолынан, бермесе жолынан тартып алыңдар! Бұл арамтамақтар сендердің арқаларыңда семіріп жүр, енді есе айыратын заман туды! Өкімет не істесеңдер де қолдарыңнан қақпайды. Қайта неғұрлым белсенді болсаңдар, соғұрлым өкіметтің іргесі беки түседі. Міне, осыны біліп қой, жолдас!” — деп елдің көзінше екпінімен жел естіре сөйлеген Қоразбай, жиналыс аяқталған соң-ақ бай-болыстың үйіне барып жатып алады. Ауылдан оңаша жерге үй тіктіреді де, кешке дейін карта ойнайды. Бай-болыстардың қорққанынан әдейі ұтылғанына сұмдық мөз. Және қонған жерінде: “Бұл қызыңды ұрайындар, не көрсетпеді бізге, енді қызмет етсін түге! Шалқитын күніміз өлі алда!” — деп өректітіп оның есіргені сонша, қойнына қыз салып беруді талап етеді, байдың өнерлі атқосшысына зорлап ән айтқызбақ болады. Кейін ол өзінің бұрынғы кожайыны Әкімбек байды “қашқын”, “контра” деп айдалаға атып тастап кетеді, оның аяулы қызы Ғазизаға үйленбек болады. Жазушының суреттеуіндегі осындай шолақ белсенділердің кейін халықты қандай қайғы-қасіретке ұшыратқаны белгілі. Бұл – ашаршылықтың алдындағы оқиғалар.

“Әкеден үл туса” атты шағын романында Бек ашаршылықтың өзін суреттейді. Басты кейіпкері Әлидің кеңес өкіметінен көрмеген қорлығы жоқ. ГПУ-дің адамдары “алтын тыққан” деп қажы әкесін атып тастайды, ауыл-елін Қытайға қарай шұбыра қашуға мәжбүр етеді, аш-жалаңаш, жаяу жалпы жан сақтауға бара жатқандарды кеңес өкіметінің шекарашылары самолетпен қуып жүріп атқылайды.

Бұл романда қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері, ғұлама тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың образы бар. Әли соның арқасында Ташкентке қашып барып мұғалімдік оқуға түседі, сауатын ашып мамандық алады. Ол енді Қаратал бойындағы өз еліне барғысы жоқ, себебі жергілікті белсенділер байдың, қажының баласы деп қуғын-

сүргінге салары сөзсіз. Орыс әйелі Алланы алып Іле өзенінің Балқашқа құйған жеріндегі шалғай өлке Қамау жаққа барып бала оқытады. Бұл жақта да ел бай, кедей болып екі жарылып дүрбелеңге түсіп жатыр екен. Қорадағы малынан, астындағы атынан айрылған ел ашынып кеңес өкіметіне қарсы көтерілгелі жатқан жағдайды көреді. Көзі ашық мұғалім Әлиді ГПУ-дің адамдары астыртын агент етпек болғанда, өз халқына залалы тимеуі үшін бұл жақтан жылжуға мәжбүр. Аңырақай, Шоқпар жақта Түркісіб темір жолы жақындады дегенді естіп, жұмысшы болуға бел байлайды. Осы жерде ол көп жақсылығын көрген Мұхаметжан Тынышбаевпен қайта қауышады. Темір жол құрылысын басқарып жүрген Мұқаң бұған барлық жағдай жасайды: Әли күндіз жұмысшыларды басқарса, кешке сауатсыздықты жою мектебінде сабақ береді. Оның үстіне сүйген жары — Алла — Ташкентте өзімен бірге оқу оқып мамандық алған медсестра. Танымайтын, білмейтін жұмысшылардың арасында оларды бай баласы, кулактың қызы деп көзге түртетін ешкім жоқ. Мұқаң бәрін біледі, бірақ екеуін өз қанатының астына алған. Әнші, балуан Әлидің келешегіне ол сенеді, тіпті оқытып тарихшы ету де ойында бар.

Бірақ көп ұзамай жаппай коллективтендіру басталады, зорлап отырықшы еткен, мал-мүлкінен жұрдай айрылған елдің қасіретін көрген Әли қолдан келгенше көмектесуге әзір, бірақ кеңес өкіметінің жандайшаптары оны да қуғынға ұшыратады, түрмеге қамайды, КАРЛАГ-қа айдайды. Лагерьде қойдай топырлап жүрген бейшаралардың көбі — кешегі орта шаруа, кедей-кепшік екенін көріп және солардың елдегі сұмдықтар жайындағы әңгімелерін естіп Әли ешкім ойламаған тәуекелге бел байлайды. Еті тірі, сауатты, пысық жігітті лагерь басшылары мал бағушыларға бастық етіп қойған-ды. Әли ебін тауып жол азығын жинайды да өрістегі жүйрік аттардың біреуіне мініп, біреуін жетекке алып Бетпақдала арқылы оңтүстікке қарай қашады. Ол жол-жөнекей аштықтан шұбырған елді, айдалада құмырсқадай қырылып жатқан кемпір-шал, бала-шағаны көреді. Әлидің бойын кернеген намыс оты одан сайын өрши түседі: қарапайым халықты осынша қырған, қуғын-сүргінге ұшыратқан кеңес өкіметінен, осының Қазақстандағы итаршысы Голощекиннен неге кек алмаса?! Кеңес өкіметін құлата алмаса да қанқұйлы Голощекинді өлтіріп тастайтын бір еркек табылмағаны ма?!

Ол түн жамылып жүріп Шудағы бала-шағасы Алла мен Берікті бір-бір сүйіп қоштасады да, қайда баратынын айтпай кетіп қалады. Пойызбен Алматыға келіп,

Голошекиннің жүрген-тұрғанын аңдиды. Баспошта күзетіндегі бір бейшараны түнде байлап тастап, пистолетін алады. Голошекиннің пойызбен Семейге қарай жүретінін анықтап, соңғы вагондардың біріне мінеді. Айналасына күзеті бар Голошекин жол бойы бір де бір рет вагонынан шықпайды, әр станса басында қырылып жатқан қазақтарды терезе арқылы бақылайды. Үштобеге таңертең жеткенде Әли тәуекел деп, вагон терезесінен қарап тұрған Голошекинді атуын атады, бірақ оғы тимей кетеді, өзі жабыла кеткен қарулы күзетшілердің қолынанан қаза табады. Оның халық кегін қайтармақ болған осы әрекетінің өзі ерлікке бара-бар емес пе?

Романда Бек қанқұйлы Голошекиннің тұңғыш рет әдеби образын жасаған. Оның күллі өмір жолын, Ленин-мен, Сталинмен, Свердловпен қалай жақындасқанын жайында тарихи деректерге сүйеніп жазады. Голошекиннің Екатеринбургте басшы қызметке жүріп Николай патшаны күллі бала-шағасымен өлтіріп, терең шахтаға көмусіз лақтырып тастауға қатысқанына дейін көрсетеді. Өзі еврей, кеңес өкіметінің басына барған Свердлов сияқты еврей арқылы Ленин мен Сталинге қалай жақындасқанын жазады. Бірақ Сталин ешкімді аяған жоқ. Қазақстандағы мақсаты “орындалғаннан” кейін оны да аттырып жібергенін білеміз.

Бектің “Әкеден үл туса” атты жаңа романында Әли — ойдан шығарылған әдеби образ десек те басқа кейіпкерлері түгелге жуық тарихи тұлғалар. Жоғарыда айтқан Мұхаметжан Тынышпаев — Петербургте патша өкіметі тұсында үздік оқып темір жол инженері атанса, оған қоса өз бетінше мұрағаттарды ақтарып, Петербургтегі ғұламалардың дәрістерін тыңдап, қазақ халқының көне тарихын зерттеген тамаша ғалым, адамгершілігі, ақыл-ойы биік күрескер азамат екенін Бек осы романында тұңғыш баяндап отыр. Бұрын талай кітаптын кейіпкері болған саяси қайраткер Ораз Жандосовтың образына да тың көзқараспен оралған. Оны бірыңғай әсірелеп мақтай бермей, кезінде Голошекиннің оң қолы болған кемшілігін де айтып өтеді. Бірақ жалынды революционер осы кемшілігін өзі тез байқап, халық қамы үшін күресе бастайды...

Бір айта кететін нәрсе — тарихи тұлғалар Бектің талай шығармаларында әдеби кейіпкер ретінде бой көрсетіп жүр. “Талас жігітінде” Кеңес Одағының Батыры Сәду Шәкіров, “Өмір жырында” сонау Арал теңізі жақта елеусіз, ескерусіз жатқан жас ақын Зейнолла Шүкіров, Шу ауданындағы

тұңғыш колхоз председателдерінің бірі, Еңбек Ері Хати Сауранбаев Бектің қаламынан жай газет очеркі түрінде емес, әдеби кейіпкер бейнесінде бой көрсеткен.

Оның деректі повестері өзінше бір төбе. Жай малшыдан аудан басшысына дейін көтеріліп елдің экономикасын, тұрмыс жағдайын, мәдениетін көтеруге өлшеусіз үлес қосқан жамбылдық Төлеген Ақтанбердиев, қоғам мүлкін, жергілікті адамдардың малын зиянкестерден қорғаймын деп он бес жасында мерт болған батыр бала Болатбек, жалынды революционер, жиырма сегіз жасында жау қолынан қаза тапқан Тоқаш Бокин, екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов — бұлар Бек жазған деректі повестердің басты кейіпкерлері. Аты мәлім адамдардың өмірі, істеген ісі, еңбегі, қилы тағдыры арқылы біз халқымыз өткен қия-өткелдерді көз алдымыздан өткіземіз. Бүгінгі өмірге оп-оңай жетпегенімізді ойша елестетеміз.

Тарихи образдар Бектің драмалық шығармаларында да бой көрсетеді. Ұйқас өлеңмен жазылған, Талдықорған, Жетісай театрларында қойылған “Ақын Сара” пьесасы, әлі саханаланбаған, республикалық бәйгеде жүлде алған “Әулие-ге атылған оқ” атты күрделі трагедиясы, “Сегіз сері” атты музыкалық драмасы, революционер Тоқаш Бокин туралы “Жалын еді жүрегі” атты трагедиясы, Абай мен Әйгерім туралы “Махаббатсыз дүние бос”, ғажайып сазгер Естай мен ол сүйген қызы Қорлан туралы бір актылы пьесалары жазушы-драматург қамтыған тақырыптардың қаншалықты кең және маңызы терең екенін айтып тұрғандай.

Жазушының повестері мен әңгімелері де еліміздің әр кезеңдегі өмірін көркем бейнелейді. “Ақбілек” деп атын өзгертіп алғанымен, сонау жиырмасыншы жылдары ревком ақын-әнші Кенен Әзірбаевтың Ләтипа атты өнерлі қызға қалай ғашық болғанын, оның қалай қайғылы оқиғаға ұрындырғанын байқаймыз, “Боз жорға” атты әңгімесінде сол жылдарда байдың қызына ғашық болып, боз жорға атпен ауылына барғысы келген сері жігіттің ойы орындалмай қайғыға ұшырауы аса бір нәзік сезіммен суреттелген. “Күмбез” атты әңгімесінде сүйген жары о дүниелік болған шопан жігіттің басына күйген кірпіштен күмбез орнатпақ болғаны, оны күндеушілер “қаржыны қайдан алып жатыр?” деп үстінен арыз жазып күйе жағуы, “Өрқайың” әңгімесінде қысты күні мал қырылады деген сылтаумен ескі қораны жамап-жасқау үшін беткейде жайқалып тұрған ақ қайындарды кескілеп тастаған жергілікті басшының сорақы әрекеті, “Қорықшы” атты әңгімесінде Балқаш көлінің

балығын да, елігін де қалай болса солай қырып жүрген бейбастақтар бейнесі, “Аққу көлі” әңгімесінде аққу жүзген көл тыныштығын бұзған басшы адамға қарсы сөз айтатын Өтеғали шопан, “Сый қонақ” әңгімесінде қаладағы бастығына жағыну үшін ілесе келген әңгүдік баласына әлі аяғынан тұра қоймаған ақ бота сыйлағысы келген жергілікті басшы бейнесі, “Найзағай атылған түнде” Желтоқсан оқиғасына қатысып, қайғы-қасіретке ұшыраған қыз тағдыры, “Тәубаға келу” әңгімесінде жасында айналасындағыларға көп қиянат жасаған, қартайған шағында соған өкініп бәрінің алдынан өтіп, кешірім сұрамақ болған бұрынғы белсенді бейнесі, жасында сұлу болып бірнеше күйеуге тиіп, әрқайсысынан бала көрген әйелдің кейінгі қасіреті суреттелген. Қарап отырсаңыз, Бек жазған әңгімелердің тақырыбы әр алуан, ең бастысы — көркемдік дәрежесі жоғары. Мен отыздан астам әңгімелердің бәріне тоқтала алмадым, оларды арнайы зерттеу ләзім.

Бек — повесть жанрының майталман шебері десе артық айтқандық емес. Талай тақырыптарды қамтитын жиырмадан астам повестерінің әрқайсысына тоқталып жату мүмкін болмады. Кейбіреуіне ғана шолу жасайын.

Алғашқы повесі “Үмітті” мен “Жұлдыз” журналында қызмет істеп жүргенде жариялаған едік. Өткен ғасыр ортасындағы жастар өмірінен жазылған бұл шығарма кезінде әдебиетіміз үшін үлкен жаңалық болды. Сол кездегі Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі Әбу Сәрсенбаев, прозашы ағалары Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Сәуірбек Бақбергенев, Жазушылар одағының хатшысы Сафуан Шаймерденов повесті қолжазбадан оқып, аса жоғары бағалаған екен. Камал Смайлов хатшы болып қызмет істейтін Орталық комсомол комитеті мұны Бюрода арнайы қарап, Қазақстанның күллі бастауыш ұйымдарында үлгі ретінде талқылансын деп қаулы шығарғаны да есімізде. Сол кезде-ақ Бек комсомол сыйлығының лауреаты атанатын еді, оған тырысқан жоқ. Есесіне шығармаларын жастар сүйіп оқитын жазушыға айналады. Өзінің туған жері Балқаш ауданының орталығында Сәуірбек Бақбергенев, Әділбек Абайділданов, Сағи Жиенбев қатысқан үлкен жиында талқыланып, құрметке бөленгені жайында кезінде газеттер де жазған.

Бұған қанаттанған жас жазушы талай повестерді бірінен кейін бірін дүниеге әкелді. Олардың ішіндегі “Ақтоты”, “Той үстінде”, “Жұбаныш”, “Әкең де бала болған”, “Шалғайда” және басқалары арнайы талдауды қажет етеді. “Ақтотыда”

Әміртай деген бүркітші жігіттің Ақтоты атты сұлуға ғашық болып, көп қиындықтан кейін қосылғаны жайында лирикалық сезіммен баяндалған. “Той үстінде” повесінде Бижамал атты әдемі келіншектің бақытсыз өмірі, бірақ басына түскен бар ауыртпалықты қайыспай, қажымай көтергені көркем бейнеленген, “Жұбанышта” соғысқа кеткен жалғыз ұлын зарыға күткен кемпір-шалдың көңілін қайтсек жұбатамыз деп жүрген ауыл адамдарының абзал істері баяндалған. “Әкең де бала болған” повесінде бүгінгі заманның ыңғайына орай тәлтік өскен, не ішем, не жеймін деп уайымдамайтын жалғыз ұлына қарап әкесі өзі бастан кешірген қилы-қилы өмір жолын еске алады. Мұны өмірбаяндық шығарма деп те атау лайық. Әкесі соғысқа кетіп, шешесінің қолында қалған жалғыз ұл, сауаты, мамандығы жоқ жесір әйелдің әкеден жетім қалған баланы жеткізу жолындағы жанталасқан тіршілігі, табиғатынан зейінді, алғыр баланың жақсы оқуға ұмтылуы, алғашқы махаббаты, сол сүйген қызынан айнымай тұрақты жар етуі, қарсы алдынан кездескен талай қиыншылықты бұзып-жарып жеңуі, ақыры бақытты отбасының басшысы болуы — тура өмірдің өзіндегідей көркем суреттелген. Ол осы өмірін жалғыз ұлына үлгі ретінде ұсынады. Біз білетін Бектің де өмір жолы осындай болған.

Екі роман, жиырмадан астам повесть, отыздан астам көркем әңгіме жазған Бек Тоғысбайұлының драматургия саласындағы еңбегі өзінше бір төбе. Әдебиеттің ең қиын жанрына жататын бұл жанрды ол радио-телеспектакльдерден бастаған екен. Көптеген радиопьесалары эфирден берілген Бектің теледидарда пленкаға түскен “Қайдасың, Балжан?” атты екі актілі пьесасы, осыдан оншақты жыл бұрын көрсетілген “Ісім – ізім” атты екі сериялы телеспектаклі бар.

1978-жылы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры “Тасқын” атты пьесасын сахналаған. Бүгінгі өмірді бейнелейтін бұл шығарманы театр ұжымы алдында Райымбек Сейітметов дауыстап оқып, сахнаның ұлы шеберлері Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқанова, тағы басқалар жоғары бағалапты. Арамыздан ерте кеткен үлкен актер Әнуар Молдабеков басты кейіпкерді өзі сұранып ойнапты. Халқымызға танымал актерлер Құман Тастанбеков, Торғын Тасыбекова, Танаат Жайлыбеков теледидар көрермендері “Өкіреш” деп атап кеткен Рахметбай Тілеубаев негізгі кейіпкерлерді ойнаған, эпизодтық бейнелердің өзін кино экрандағы Қыз Жібек-Меруерт Өтекешова, сахна сатирасының майталманы Құдайберген Сұлтанбаев сомдаған бұл спектакль төрт жыл

бойы репертуардан түскен жоқ. Театр ұжымы сол спектакльмен Алматы, Жамбыл облыстарын аралаған. Мойынқұм ауданындағы көрермендермен кездесуге сол кездегі “Социалистік Қазақстан” екі бірдей тілшісін жіберіп, бір бетке жуық мақала жариялады. Барлық газеттер мақтап рецензиялар жариялаған. Осы дүбірмен дарынды режиссер А.Пашков қойған спектакльді Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынуға болғандай еді, бірақ театр да, автор да бұған талпынған жоқ.

Бектің ұйқас өлеңмен жазған “Ақын Сарасын” Талдықорған, Жетісай театрлары сахналады, Семей, Жамбыл, Шымкент, Атырау театрларында “Бөрінен де сен сұлу” комедиясы, “Жүрек соғып тұрғанда”, “Алтыннан ардақты” пьесалары қойылып, республика жұртшылығының сүйіспеншілігіне бөленді. Енді республикалық бәйге алған Абайдың немере інісі, ұлы философ, ақын Шәкәрімнің соңғы өмірі жайында жазылған “Әулиеге атылған оқ” атты трагедиясы сахнаға сұранып тұр. Жақында ғана “Отан” партиясының сыйлығын иеленген “Жансаы” атты пьесасы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының жоспарына еніпті. Яғни Бек Тоғысбайұлының драматург ретінде де өнер биігінде өз орны бар.

Бек көркем әдебиеттің әр саласында қалам сілтеген. Біраз өлеңдер жазып, кейін қойып кетті. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, өлеңмен жазған бірсыпыра драмалық шығармалары есімізде. Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев ол жазған өлеңдерге Нұрғали Нүсіпжанов, “Гүлдер” ансамблі сахнада орындаған әндер бар. Ол кезінде әдебиет сыншысы ретінде де кеңінен танылған еді. Біраз уақыт “Қазақ әдебиеті” газетінің әдеби сын бөлімін басқарған. Театр, кино, жөнінде жазған мақалалары қаншама! Қай салада қалам сілтесе де біз оның жан-жақты білімділігін, ғылыми тұрғыда терең толғайтынын байқаймыз. Соңғы уақытта ол “Тарихтың ашылмаған беттері”, “Бұрынғы және бүгінгі жалайырлар” атты екі кітап жазып баспадан шығарды. Биыл “Алматы-кітап” баспасы ол жазған, жинап-құрастырған “Тарихи тұлғалар” атты кітапты жарыққа шығарды. Бұл мектеп оқушыларына (жоғарғы кластарға) арналған энциклопедиялық еңбек. Алғашқысында ол қазақ халқының шығу тегі жайында өз пайымдауларын алға тартса, екіншісінде қазақ халқын құраған іргелі тайпалардың бірі – жалайырдың мың жылдық тарихына тұңғыш рет терең талдау жасаған. Тарихи тақырыпқа қазақша жазған мақалалары “Егеменді Қазақстанның” бірнеше нөмірінде, “Жұлдыз” журналында, орысша жазған ғылыми мақалалары “Казахстанская правда” газетінің бірнеше санында, “Простор” журналында жарияланғанын білеміз. Ертеректе оның мақалалары Мәскеудің “Дружба народов”

журналында, Ленинградтың “Нева” журналында жарияланған болатын. Журналистика жанрындағы еңбектері ұшан-теңіз!

Өз басым Бек құрдасымның өнердегі өрісіне тәнтімін. Ол кезінде Кәукен Кенжетаевты, Ермек Серкебаевты, Бекен Жылысбаевты, Роза Жаманованы тәрбиелеген мәскеулік профессор Александр Кургановтан тәлім алған екен. Біз оның театр сахнасында, радио-теледидарда, көпшілік жиналған жерлерде опералардан ариялар айтып, орыс, итальян тілдерінде ән шырқағанын талай естідік. Қазақ әндерін қалай айтады десеңізші! Ол қазақтың сал-серілерінің өмірін, ән-күйлердің тарихын тамаша біледі, көп жылдардан бері “Балдырған” журналында “Сахара саңлақтары” деген айдармен бар білгенін жас өспірімдерге түсінікті тілмен жазып жүр. Бірнеше музыка аспаптарында ойнайтын өнерпаздың домбырамен қосылып айтқан әндері Ташкентте шыққан ұзақ ойналатын грампластинкаға жазылған.

Әрине, оның басты өнері жазу. Ол жазған прозалық, драмалық шығармалардың көркемдік, идеялық дәрежесі жайында осыдан он жыл бұрын “Қазақ әдебиеті” газетінде әңгіме жанрының хас шебері Тәкен Әлімқұлов, ақындраматургтер Қуандық Шаңғытбаев, Қадыр Мырзалиев, жазушы-драматург Сәкен Жүнісов, айтулы прозашылар Бексұлтан Нұржекеев, Оразбек Сәрсенбаев, Шәрбану Құмарова тағы басқа замандас-қаламдастары сүйсінген лебіз білдірген. Жоғарыда біз Бек қамтыған тақырыптардың саналуан екендігіне, оқиға құру, образ жасау шеберлігіне азды-көпті тоқталып өттік. Енді тіл шеберлеріне де шамалы шолу жасайық.

Он бес жасында роман жазуға талпынған Бектің қолжазбасын талдағанда болашақ үлкен әдебиет сыншысы, ғалым Айқын Нұрқатов ең алдымен “халықтық тілге өте бай” деп баға береді де мынадай үзінділер келтіреді: “Іле суы сұрғылт лайланып, су астының шұқыр жеріне келгенде, төңкеріле бүрқ-сарқ ете түсіп, шым топырақты жасыл саз жиегінің ойыстау жерлерін сүзгілей өтіп, ойпандау жерін сипай өтіп, баяу сылдырайды. Кеңіс аспан бозғылт тартып, сәскелікті өлшеген күн шапағымен шайдай ашылып, ақ торғын ұлпа бұлттарын жасыра түседі”. “Аспанды сұп-сұр ызғарлы бұлт құрсап, ендігі болатын қыстың хабаршысы боп тұрғандай торлай түседі”.

Бұл он бес жастағы Бектің сөз саптауы. Ал кейін толысқан кезіндегі тіл байлығына қараңыз:

“Ғазиза ұзын бойлы сылыңғыр қара кісінің Қоразбай екенін танып, босағадан бұзаубас көргендей шошып кетті”. “Қоразбай тілі үйелеп қалғандай орамға келмей тұр”. “Арамызда сүр бай жоқ, кедейден көтерілген көбендер болмаса”. “Тұрсын алдындағы... баласын басынан сипап, ақылы айран болып отыр”. “Қалың жиденің ішіндегі қыстауында оңаша отырған қазіргі мұның қалпы, құрсау шеңбері кетіп, қаңсыған қара көме тәрізді”. “Көбеннің жонынан жылан жүгіріп өткендей болды”. “Көбен жетекке жүрген жуас малша, бүктеліп жоғары шықты”. “Жә! Жер табандама! Сыртың — су, бауырың — балшық”. “Сергелден боп соққы жесең өмірден, майысарсың жаралсаң да темірден”. “Көбен жүрегі иесіз үйдегі сағаттай тық-тық соғып, ұзақ отырды”. “Сиқы сынаптай дүние” деді ол ішінен”. “Ақыл тістің орнына алтын тіс салдырған бітене тұйық кісі қырма бастың бөлді”. “Көзі лақ текенің көзіндей алайған, сопақтау кісі...” “Жар басындағы жантақты жанынан безген нар жейді”. “Құс кеуделі қайтпас қазақ едік! — деп бастады сөзін көк көз, шапыраш шал”.

Мұндай үзінділерді Бек шығармаларынан көптеп келтіруге болады. Оқиғалары қою, талас-тартыстары ширақ шығармалар жазған жазушының қазақ көркем әдебиетін дамытудағы орны айтарлықтай. Әдебиеттегі еңбегі үшін ол бірнеше дүркін Жоғары Кеңестің, Республика парламентінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Президент жарлығымен “Ерен Еңбегі Үшін” медалін кеудесіне тақты. Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының, Республика Агропартиясы сыйлықтарының лауреаты. Республика бойынша жарияланған әдеби бәйгелердің жеті мәрте жүлдегері. Елу жыл ішіндегі атқарған қоғамдық, мемлекеттік қызметтері де айтарлықтай. Дені сау, жүріс-тұрысы ширақ Бек Тоғысбайұлының жетпіс жасына желіп жетті десек тілаузымыз тасқа. Біз оның қалың оқырманын, көрерменін елі талай қуантады деген сенімдеміз!

Сайын Мұратбеков

ҚАМАУДА

РОМАН

ОТ ПЕН КҮЛ

Бірінші тарау

Заңғар тауды жарып шыққан Іле өзені қысаң сайлардан жұлқына атқып, Қапшағай қылтасынан өткен соң, ағысын баяулатады. Бұдан әрі сонау Балқаш көліне жеткенге дейін маң жатқан құм төбелердің ернеуін езіп, ақ керіш жарларды жалп-жалп құлатып, арнасын кеңейтеді. Аралтөбе деген ауылдың тұсында екіге жарылып, оң саласы Жиделі, сол қанаты Топар өзеніне айналғанда, төмендегі сонау байтақ өлкені ел Қамау деп атаған. Айтса айтқандай, ортадағы Ілені, екі қапталдағы Жиделіні, Топарды мекендеген қалың ел, күн жылыда бір-бірімен ат-өгіз, қайық жалдап қана қатынаса алады. Мүз қатқанда болмаса, ауыл-елдің арасы ала жаздай тым-тырыс.

“Қой бағып, қойыртпақ ұрттап”, беймарал жатқан елде 1920-жылы естен кетпес бір оқиға болды.

* * *

Болыстықтан түскеніне екі жыл болған Әкімбек қызыл іңірде қасқыр ішігін жамылып, отау үйде оңаша отыр. Оқта-текте от көсеп кететін бәйбішесі болмаса, бұл маңайға бейсеубет кісі аяқ баспайды... Екі-үш күннің беделінде ол ешкіммен тіл қатып, сөйлескен жоқ. Ойын езіп, жігерін құм қылған сол бір елес ұйқтаса түсінен, оянса есінен кетер емес. Тасыған көңілі жарға соққан толқындай уатылды.

Кешегі қаратабан Тұрсынның шаршы топ алдында тілдеп кеткені өзі емес, тіпті ата аруағын аттап сүйекке таңба салғаны кеудесіне шаншудай қадалды. Өкімет адамы отырмағанда, сол жерде-ақ ойран салатын еді, амал не, дiңкесі құрып, іштен тынды.

Бөгелектей ызындап бұған не жоқ? Алар малын алды, екі ат, екі өгіз, сауындық сиыр, он қой, бес ешкіні алдына салып

айдап отыр. “Енді маған есемді қайтар”, – дейді. Атасының басы! Он жыл баққан қойын бұлдағанда, ішкен асын, киген киімін есепке алмайды екен ғой! Түт жалаңаш жүргенде басына пана тұрғызып берген де Әкімбек емес пе еді? “Бұлар қан сорғыш сүліктер!” деп қокіді-ау! Қорсетермін қалай қан сорғанды!

Қанша зығырданы қайнағанмен, дәл қазір қол-аяғы тұсаулы. Мына бір жүрген уәкіл осы жақтан ұзағанша тұяқ серпуге дәрмен жоқ. Бұл да бір тілімен миын қасыған сорлы екен. Мал-жанның санағын алды, ревкомдағы тізімді тексерді – кетпей ме, жөніне! Әр қыстауға бір соғып жиналыс ашып, жаңа өкіметтің саясатын түсіндіремін деп табаны күректтей он күн жатты. Өзі бір июге келмейтін неме ме, Әкімбектің тай соймақ боп шақырғанына келмей сағын тағы сындырды. Кешегі патша заманында да, жаңа өкімет тұсында да еш адам Тойшы өулетінің дастарқанын аттап өткен емес. Губерниядан келген уәкіл Мейірбек Үмбетовтың Тойшы шаңырағына ие болып отырған Әкімбектің шақыруына бармағаны естіген елді дүрліктіріп, пыш-пыш өсекке от қойды. Өз аяғымен келмей, кісі жібергеніне қиястығы ұстаған шығар деп Әкімбек жанына серік ерпей, салт атпен өзі барып еді, тағы бір жиынның үстінен түсті. Уәкіл бес-алты үйлі қойшы-қоланды жинап, әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Ішінде Тұрсын “усойқы” да бар. Әкімбек бұрынғыдай баса-көктеп кірмей, “ассалаумәликумын” айтты да, ешкімге қол берместен, дастарқан шетіне отыра кетті. Жұрт оған қоғадай жапырылып, құрақ ұшқан жоқ, үй иесі ғана орнынан тұрып “Әбеке!” дей беріп еді, Мейірбектің қатқыл даусы саңқ етті:

– Отырыңыз, отағасы! Бұл – кешегі заман емес, бай көрсе, болыс көрсе иіліп төсек, жайылып жастық болатын. Қазір бай да, кедей де тең! Байлар қазір бел алып тұрғанымен, көп ұзамай бұлардың күні бітеді. Сонда бар билік, бар байлық өздеріңе тиеді!

Осы кезде көзі ақиланып, Тұрсын бір иығын көтерді:

– Е, бәсе, сөйтіп еңсемізді көтерші, Мәке! Бағанадан бергі айтқаныңа карағанда, байлардан әлі есе қайырғанымыз жоқ. Әсіресе, осы Әкімбектің қорлығы еттен өтіп, сүйекке жетті. Бұлар тұқымымен теспей соратын сүліктер емес пе? Оның да істеген қиянат-зорлығын тексеріп-тергейтін күн таялған шығар!

– Дұрыс айтасың, Тұрсын! “Өуеден киіз жауса, құлға ұлтарак тимейдінің” заманы өткен!

Әкімбек төмен қарап отырған күйі үндеген жоқ. Өсте ол дау-дамайға орынсыз араласпайтын. Біреулер ерегісіп, кіжінісіп қалса, орнынан үн-түнсіз тұрып кететін. Тіпті билердің сөз

таластырып, әзілдескендерін де жақтырмай, тындап болған соң, өз кесімін бір-ақ айтатын. Дәл қазір не дерін білмей, ойы он саққа жүгіріп, қамшы сабымен жер шұқып отыр.

— Әбеке, жай келдіңіз бе? — деген сұраққа ол ұйқысынан оянғандай селк етіп, басын көтерді. Бәрінің назары бұған ауған, бәрі қақпанға түскен қасқырды тамашалағандай, сығырайған көздерімен тесе қарап отыр. Киімдері сауыс-сауыс, бет-ауыздары кір-қожалақ, өңшең құл-құтан... Ішіндегі тәуір киімдісі де, ажарлысы да Мейірбек. Өзі бір иықты, дәу неме екен, қараша үйге сыймай, ұшатын бүркітше қомданып отыр. Қасқа мандайы, шалғы мұрты, дөң мұрны ерекше сұсты көрінеді.

— Жай жүрсіз бе? — деп Мейірбек сұрағын қайталады.

— Жоқ, шырағым, жай емес... — Әкімбек есін жинай алмай, өңешіне тас тығылғандай тұтығып қалды. — Өзінде жеке шаруам бар.

— Айта беріңіз, тындап отырмын.

— Былай шығып... оңаша сөйлесейін деп едім.

— Менің халықтан жасыратын ештеңем жоқ, осы жерде айта беріңіз.

“Қап, мынаның қорлығын-ай! Жай күнде маңайыма жолай алмайтын кедей-жалшының алдында жер табандатты-ау!.. Дегенмен, келген шаруамды айтпай кетуге болмас”.

— Егер жолың түссе, біздің ауылға да соға кетсең деп едім...

Мейірбек неге екені белгісіз, қарқ-қарқ күлді.

— Сіздің ауылда мен не істеймін? Совет өкіметінің саясатын уағыздаймын ба? Айта бастасам, іштеріңіз кебер!

Бұл сөзге үйдегілердің бәрі күлді. Қара бөріктер селкілдеп, қара тондар сеңше қозғалғандай болды. Бұған қанша намысы келсе де, Әкімбек ашуын ішіне бүгіп:

— Уағыз айтпасаң да, дәм татып шықсын дегенім ғой. Жақсыда жаттық жоқ, — деді.

— Ықыласыңызға рақмет, — деді Мейірбек күлкісін тыйып. — Қонақ болып, кең көсіліп жатуға уақыт тар. Мына жоғарыдағы, өзеннің арғы бетіндегі ауылдарда да шаруам бар. Бұл елді түгел араламасам да, басты-басты ауылдарға соғып қалаға қайтуым керек. Кешегі келген кісілерге де соны айтқанмын. Ренжімеңіз.

Жылы сөзі Әкімбектің мұздаған жүрегін сәл еріткендей болды. Бағанадан бері қорланып, терісіне сыймай отыр еді, мойынынан тас түскендей:

— Өз жолыңды өзің білесің, шырағым, — деді. Даусы жарықшақтанып шықты. — Ел адамы болған соң, дастарқан

сыйын көрсетпей жібергенім ұят қой деп... өз аяғыммен келіп отырмын. Қанша қараласаң да, ата-баба жолынан асып қайда барамыз?

— Ескі салт жойылып, ел енді жаңа жолға түседі.

Әкімбек ары қарай не айтарын білмей, жігері жасып:

— Өзің біл, шырағым, — деп орнынан баяу котерілді де, есікке қарай аяндады. Ту сыртындағылардың бұған жау қабақпен қадала қарап отырғанын сезгенде, жон арқасынан аяз жүгіріп өтті. Ол боз шұбар атына мініп, дуылдаған екі бетін суық қарығанда ғана ес жиды. “Мейірбектікі жон, ол жаңа әкім. Мүмкін оған солай сөйле деп тапсырған шығар. Ал Тұрсынға не жоқ?! Жердің жігін тапқандай танаулап тұр. Тұқымынды тұздай құртар едім, амал қанша, заман басқа, заң басқа... Әйткенмен уәкіл ұзасын. Ат аяғы жетпейтін жерге кетсін. Көрермін сонан соң, көзіңнің қалай ақиланғанын!”

Әкімбекті содан бері әлдебір ой мазалап жүр. Бағана тазысын ертіп түлкі шалғанда да, сол бір ой қайта-қайта алаңдата берді. Құмтөбенің баурайынан қылаң еткен бір ақ түлкінің шалдырмай кеткенін де жаманға жорыған. Ақ көрпе жамылған бірөңкей ой-қырларды бөктерлеп келе жатқанда, Іле бойының қалың жыңғыл, сынсыған қамыс, жиде тоғайларының тұсынан өткенде де сол бір ой қайта айналып соға берген. “Адам түлкі емес, шындасам, кімді болса да шалып жығармын, — деп түйді ол үйіне жақындай бере. “Пілдің құлағына кірген шіркей де мықты!” деуші еді, не де болса көріп алдым!”

Қазір ол немере інісі Көбен мен өзінің атқосшысы Омарғазыны күтіп отыр. Осы күннің орайында Омарғазы Мейірбектің ізімен кеткен болатын. Егер үш күндік жерге ұзаса, бүгін қонаға анық хабары жетпек...

Әкімбек сұм заман осылайша шұғыл өзгереді деп ойламаған. Губерниядан, уезд орталығы Қапалдан атты адам алты күнде зорға жететін шалғай өлке Іле — Балқаштын арғы бетіндегі Арқада, Жоңғар Алатауының бөктерінде, Жетісу жерінде болып жатқан ақ пен қызылдың қиян-кескі шайқасынан ол беймағлұм еді. Арагідік қатынаған жекжат-жұрат арқылы жеткен ұзынқұлақ хабар болмаса, ағы қайсы, қарасы қайсы — бұл жақ анық білмейтін. Әйтеуір, патша үкіметінің тақтан құлағанына көздері жеткен.

Уезд орталығы Қапалға соңғы барғанында Әкімбек патшаның тақтан тайғанын, елді енді қос өкімет билеп тұрғанын өз құлағымен естіген. Жол-жөнекей Қаратал бойындағы Арықтыным Бәйшегірдің болысы Жалменде ұлы Пышанның ауылына соға кеткен. Пышан бұдан гөрі көзі ашық, орыстармен жиі араласып тұратын жігіт-тұғын. Ол Ресей

жақтан “қызылдар келе жатыр” деген суық хабарды шошыта айтты. “Түбінде билікті солар ала ма деген қауіп бар, егер өкімет большевиктердің қолына тисе сен де, мен де, күллі бай-болыс, зиялы қауым – түгел құримыз” деген еді. Сонысы дәл келді. Көп ұзамай “Қапал жақты қызылдар алыпты, ақтарды шекарадан асырып қуып тастапты” деген сыпсың хабар жетті. Жағасын ұстап, жан сауға деп отырғанда сол қызылдардың он әскер ерткен бір өкілі келіп, Әкімбекті орнынан алды, болыс мөрін басқа біреуге тартып әперді. Әкімбек бұған мәнкіген де, тулаған да жоқ, “еліріп, сойыл көтеріскен ағайындарына не көрсек те артын тосалық” деп басу айтты.

Ауыл-аймақ аптығын басып, тынышталып тұр еді, биылдан бері тағы бір сұмдық хабар дүңк ете қалды. Әуелі үй-мүлкі, мал-жаны қатталып қазынаға өтетін, өздері жер ауатын аса ірі бай-шонжарлардың тізімі жарияланған. Оның ішінде Әкімбек жоқ, әйтсе де арт жағы аязға айналатын суық ызғарды іші сезе қойған. Көп ұзамай, тағы бір хабар ашық күнде шарт сынған найзағайдай ес тандырды: өзінің досы, ағайыны Жалменде ұлы Пышан атылыпты.

Жалменденің баласы Пышан едім,
Тұсында Мекалайдың кісі-ақ едім.
Кісіге кісі ақысы кетпейді екен,
Мен дағы талай жанды қышап едім, –

деп өз кінәсін өзі мойындаған, аз өмірін сал-серілікпен өткізген, тұмсықтыға шоқытпай, азулыға алдырмай дүниені баз кешкен нар жігіттің осылайша өлімге душар болуы Әкімбектің жүрегін сыздатып, денесін тітіркендірді. Пышанмен салыстырғанда бұл кім? Пышан сияқты айналасына жігіт-желең жинап, бал дәурен де құрған жоқ. Бар бітіргені – әкесінен қалған үш қабат ағаш үй мен мал-мүлікке ие болғаны. Оны да, міне, өне-міне алады деген қауесет бар.

Пышан – мұртымен мұз жарып, ұртымен су бүркегін жігіт, бәлкім, сол мінезі сорына жеткен шығар. Ол кедей-кепшік түгіл, ұлық алдында да шімірігіп бас иген емес. Белдескеннің белін үзіп жүре беретін күші мен әке дәулетінің қызығын сол-ақ көрген болар. Ал бұл кешегі өзінің балағынан биті аққан қойшысы Тұрсынға да бір ауыз сөз қайтара алмады. Бүйтіп тұл өмір кешкенше өлген артық деп ол енді бармағын шайнап отыр...

Есік ашылып, әуелі Көбен, артынша кереге жауырын, бақан қолды Омарғазы көрінді. Сәлемдесіп болған соң, Омарғазы үй иесінің тықырши күтіп отырған хабарын жеткізді:

– Мейірбек Іледен өтіп, Ысты болысына асып кетіпті. Бер жақтағы ауылдарға көп аялдамаса керек.

Әкімбек Көбенге қарады. Сылыңғыр арық, ұзын денелі, сұлу мұртты, қияқ қас, ақ құба өңді Көбен көзі жалтылдап отқа қарап отыр екен.

– Көбен, сен осы Тұрсынның бой жеткен қарындасына сөз салдың емес пе?

Көбен қысылыңқырап:

– Сондай бір ниет болған, – дей салды.

– Ниетің ауса, неге алмайсың?

– Қияңқы ағасы көнбеді.

– Бермесе, белден бас.

– Заманның оңтайы келмей тұр ғой...

– Заман, заман... – деп Әкімбек тісін қайрады.

Осы жазда екі қатыны бар Көбен Тұрсынның бой жетіп отырған ақ уыз, ақ бидай қарындасы Тұрымтайға көзі түсіп, құдалыққа кісі жіберген-ді. Тұрсын шадыр мінез корсетіп, “... Тойшы әулетіне қыз бере алмаймын”, – деп жіберген кісілерін үйден құр қайтарыпты. Оның мұндай мінезге батылы барғаны – жаңа өкіметке арқа сүйегені деп түсінген Көбен жабулы қазанды жабулы күйінде қалдырған.

Жуырда өткен ауыл арасындағы бір тойда: “Менің қарындасым бұдан былай көрінгеннің қолжаулығы бола алмайды, күні кеше құдайын танымай кеткен Көбеннің де құдалыққа жіберген кісілерін үйімнен құр қайтардым”, – деп бөсіпті. Мұны естіген Көбеннің іші қазандай қайнады, бірақ күресерге дәрмені жоқ. Бұл әңгімені немере ағасы Әкімбекке айтуға әрі намыстанып, әрі батылы жетпей жүргенде жараның аузын өзі тырнап отыр.

– Қамысты қыспай ұтасаң қолыңды кеседі, деп бастады сөзін Әкімбек тарғыл үнмен. – Намысты қолдан бергенше өлген артық. Бетіңнің Тұрсыннан қайтқанын естігелі менің де кірмегенім қара жер. Өзіңнен сөз шыға ма десем үндемейсің. Өзгесі өзге, дәл осы жолы жер шұқығанымыз – өлім. Бұлар бұға берсең сұға береді. Ел бетіне қараудан да қалдық. Екінші бірі: “Ә, бәлем, бастарыңа зауал туды ма!” деп бетке түкіретіндей. Бауыздаларда тышқак лақ та тұяқ серіппей ме?!

“Сонда не істеуіміз керек?” деп сұрауға шақ қалды да, Көбен сөздің соңын тосты.

– Әрекет жасау керек, – деді Әкімбек оның ойын дәл тауып. – Тұрсынның бетін қайтарып, сағын сындыратын кез келді. Қарындасын алып қашыңдар да, қалың тоғайдың ішіне апарып абыройын төгіңдер. Сосын тәрк етіп айдалаға тастап келіңдер.

Бұл ұйғарымға Көбен де, Омарғазы да қайран қалып, біріне-бірі қарады. Әкімбектің семіз сағал бетінен толқудың ізі байқалған жоқ. Бұл екеуі қасында шоқтай жанып біткен сексеуілдің қызыл шоғынан көз алмай қарап отыр.

— Бұл істі осы отырған үшеуімізден өзге жан білмесін. Қатындарыңнан сақ бол, Көбен. Бас кетсе де осыған тәуекел!

“Бұған батылдарың бара ма?” дегендей Әкімбек басын көтеріп, екеуіне қадала қарады. Бірінен-бірі жасқанып, көздерін ала қашқан Көбен мен Омарғазы қапелімде не дерін білмей тосылып отыр. “Қыз алып қашқан жөн, ал айдалаға талақ қып тастап кетті деген не сұмдық? Құлақ естіп, көз көрмеген іс!

— Жалтақтайтын болсаңдар, осы арада айтыңдар.

Ағасының бұйрық сөзінен бұрыла қашудың жөні жоғын сезген Көбен дереу бойын жиып:

— Тәуекел, аға! — деп қалды.

— Сен ше, Омарғазы?

— Көбекең айтса...

— Ендеше, қолдарыңды жайыңдар!... Алланың жолын аттаған, ата жолын таптаған, ешкімнен рахым-бейіл таппаған Тұрсынға зауал тусың! Әумин!

Мұндай батаны бірінші рет естіген Көбен мен Омарғазы шала-пұла бет сипады да, аңырып Әкімбекке қарады. Әкімбек танауы қусырылып, тағы бір сөз айтты:

— Жүрген жымдарың білінбесін. Жылы киініп, жарау ат мініп, менің анау ақ құлақ тазымды ертіп, аңға шыққандай болып аттаныңдар. Бет алыстарың басқа жақ болсын. Тұрсынның аулына ат ізін тура түсірмей, аулақтан айналып соғыңдар!

Сөз осымен бітті дегендей Әкімбек ауыр денесімен қозғалып, қасқыр ішігін қымтай жамылды да, жұқаяққа арқа сүйеді.

* * *

Тұрсын әкеден бес жасында, анадан он төртінде қалған болатын. Әкесі Медеу көзі тірісінде өз алдына үй тігіп, азын-аулақ мал ұстаған екен. Шалқыған бай да емес, сіңірі шыққан кедей де емес, өз күнін өзі көріп, қонторғай тіршілік еткен. Ел оны жасында ұры болған деседі. Жазда, қыста Балқаштың арғы бетіндегілердің жылқысына жаудай тиген. Топ құрып, біреумен тізе қосып емес, ұрлыққа жеке-дара шығады екен. Бірнеше рет сойылға жығылып, маңдайына тас тесе де, қияңқы кәсібін қырыққа дейін қоймаған. Қырық жастан асқанда, момын бір шаруаның қызына үйленіп, одан бір ұл, бір қыз көрген. Тұрымтай туатын жылы әкесінің жылымға түсіп опат болғаны бес жастағы бала Тұрсынның есінде.

Әкеден қалған мал бірер жылға жетпей түгесіліп, Тұрсын шешесімен бірге бай есігінде жүрді. Шешесі Әкімбек ауылының отын жағып, күлін шығарса, Тұрсын қозы-лақ бақты. Он төрт жасқа ілініп, енді-енді қозін аша бергенде, шешесі аурудан қайтыс болды да, Тұрсын мен Тұрымтай тұл жетім қалды. Байдың екінші әйелі Айбарша қаршадай қызды бауырына басып, аса жетімдік көрсеткен жоқ. Тұрымтайды өз қызындай көріп, ішім-жемнен, киімнен кенде қылмағаны үшін де Тұрсын Айбаршаны жақсы көретін. Бірақ Тұрсынның өз жағдайы мәз болған жоқ. Естияр дей ме, ұл бала бәріне көнеді дей ме – бай мұны жұмыстың ең ауырына салды. Қозы-лақ деген бір пәле. Ит-құсқа жем бола ма, қалыңға кіріп жоғала ма – әйтеуір, бар кінә Тұрсынның мойнында. Бір күні шаңқай түсте жиде ағашқа арқасын сүйеп отырса, ұйықтап кетіпті. Қалың тоғайдан шыға келген төрт қасқыр жүз қаралы қозы-лақтың талайын тамақтағанша, бұл оянбаған... Әкімбектің ат бауырына алып сабағаны есінен кетер ме?! Кінә өзінен болғандықтан шыдады, әйтпесе мұндай қорлыққа көнгенше, қаңғырып кеткен артық еді. Сондағы Әкімбектің түгі шыққан сары шұбар өңі, аузынан шашыраған түкірігі әлі күнге дейін көз алдынан кетпейді. “Иттің баласы, сен әдейі қырдың, осыдан сүйегінді қой соңында шірітпесем бе!” – деп кіжінгені жас баланың жүрегіне шаншудай қадалған. Бірақ болыс бұл сөзін төрт жылдан кейін ұмытып, еті тірі, іске шамдағай он сегіз жасар жігітті жылқы бағуға жіберген еді.

Сол тұста, яғни 1918-жылы ауылға уезден қасында он солдат бар біреу келді де, патша өкіметінің құлағанын, енді кедей-жалшылардың өкіметі – Советтер билейтінін жариялап, Әкімбекті болыстықтан тайдырды, орнына арабша хат танытын басқа бір орта шаруаны қойып кетті. Ауыл-аймақтың үлкен бір жиынында: “Енді кедейлердің күні туғанын, болыс-байлардың аяғына тұсау түскенін” тайға таңба басқандай етіп айтты. Бұған әуелде жұрт сеніңкіремей, уәкілдің сөзін әр саққа жүгіртіп баққан... Бірақ болыстың мөрін қолынан тартып алғанын көздері көрген соң, даурыққан топтың аузына күм күйылған.

Өзгерістің түп төркінін түсінбесе де, Тұрсын “теңдік, кеңес” деген сөздерді өзінше ұғып, “шынында, мен неге ақысыз, пұлсыз біреудің малын бағамын, неге өзімше тіршілік етпеймін” деген ойға беріліп жүретін. Араға екі жыл салып, осы аймаққа Мейірбек деген уәкіл келді деген хабарды естісімен, оны өзі іздеп барды. Мейірбек кең мандайлы, қалың қабақ, дөң мұрын, келісті кісі екен, Тұрсынның шаруасын